

ДАМУ БАҒДАРЛАМАСЫ №4 ҚОСЫМШАСЫНЫҢ НЕГІЗГІ КӨРСЕТКІШТЕРІНІҢ ОРЫНДАЛУЫ НАҚТЫЛАНДЫ

❖ Дулати университетінде 2025 жылы 8 қазанда Даму бағдарламасының №4 қосымшасына қатысты құрылым басшыларымен кездесу ұйымдастырылды.

Кездесудің мақсаты:

- 2025 жылғы негізгі түйінді көрсеткіштердің орындалуын бағалау;
- Жауапты тұлғалардың көрсеткіштер бойынша орындалу ақпараттарын тыңдау;

- Негізгі түйінді көрсеткіштердің 2026-2028 жылдарға жоспарын нақтылау.

❖ Кездесуді Басқарма мүшесі – Стратегиялық даму және интернационалдандыру жөніндегі проректор Шолпан Есімова алғы сөзбен ашып, көрсеткіштердің маңыздылығы туралы ойларымен бөлісті.

❖ Кездесу барысында календарлық жыл бойынша 45 индикатордың орындалу барысы талқыланды.

❖ Кездесу соңында бірқатар көрсеткіштерге түзетулер мен өзгерістер ендірілді. ҚБ жауапты тұлғаларына көрсеткіштерді дәлелді құжаттармен рәсімдеу және оларды жүйеге жүктеу мерзімдері нақтыланды.

❖ Дулати университетінің 2025 жылғы негізгі түйінді көрсеткіштерінің орындалу ақпараты ҚР ҒЖЖБМ-де қараша айының басында қорғауға ұсынылатын болады.



